



*«Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын
сақтай отырып, байыппен алға жылжи
беретін боламыз»*

Н. Ә. Назарбаев

Ұйымдастыру

Топқа бөлу

I топ “WhatsApp”

II топ “Facebook”

20.02.2017 ж

Ғаламат ғаламтор



*Өнер ғылым бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды*

Ы.Алтынсарин



*ARPANET желісінің алғашқы сервері
1969 жылдың 1 қыркүйегінде Лос-
Анджелестегі Калифорния
университетінде орнатылды*

*1991 жылы Бүкіләлемдік тор
Интернетте пайда болды,
ал 1993 жылы әйгілі NCSA
Mosaic браузері пайда болды.*

*1998 жылы рим папасы
Иоанн Павел II Бүкіләлемдік
Интернет Күнін 30
қыркүйек деп бекітті .*

*1983 жылы ARPANET
желісіне қатысты
айтылатын «Интернет»
термині пайда болды*

*1984 жылы домендік
аттар жүйесі (DNS)
жасап шығарылды.*

*1988 жылы Internet Relay
Chat (IRC) протоколы
жасалып, Интернетте
нақты уақытта сөйлесу
(чат) мүмкіндігі пайда
болды.*




*1989 жылы Еуропада, Ядролық
сынақтар бойынша еуропалық кеңес
(CERN) қабырғаларында Бүкіләлемдік
тор концепциясы пайда болды.*

*1971 жылы желі арқылы
электронды почта әртүрлі
хабарламалар жіберуге
мүмкіндік беретін алғашқы
компьютерлік бағдарлама
жасалды*

*1973 жылы бұл желіге
трансатлантикалық
телефон сымы көмегімен
Ұлыбритания және
Норвегияның ұйымдары
қосылып, желі халықаралық
сипат ие болды*



Бүкіләлемдік өрмек - Ғаламтор



Постер қорғау

I топ
**“Whats
App”**

Ғаламтор
дың
пайдасы

II топ
**“Face
book”**

Ғаламтор
дың
зияны

Білгенге Ғаламтор Ғаламат-ақ !



Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу

Алысты жақындату

Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру

Сана-сезімді жоғарылату

Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру

Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру

Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу

Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету. (материалдарды және моральді жағынан болсын) Яғни мүгедек адамдарға немесе отбасы ахуалы нашар адамдарға, жетімдер үйіне, денсаулығы нашар науқастарға қаржылай қол ұшын беру.



Ғаламтор... Тұтасқан әлем. Өрмекшінің торы дерсіз. Енді шынайы сүйіспеншіліктің орнын, жылтыры мол виртуальды махаббат, шынайы аралас-құралас достықтың орнын виртуалды сыйластық басып келеді. Тек көгілдір сағымды ғаламторлардың ішінде сан мен цифрлардың, әлдебір атаулар мен өзіңе үш қайнаса сорпасы қосылмайтын есімдердің жақынысыз... Танысыңыздан ажырап, танымасыңызды жақын тұтатын мезгіл қазір. Иіріміне ессіз үңілген кейбір жандар оның тұтқынына да айналып үлгерген. Жалғыздық пен күйзелістің асау толқындарына жұтылғандар қаншама? Бұйығы, жадау-жүдеу... Бұл да бір өтпелі кезең шығар. Жамандығын айтып тауыса алмайсыз, ал жақсылығы да ұшан-теңіз. Тек соны орнымен пайдалана білсек, мүмкіндігін барынша ықтиятпен жүзеге асырып, адами қалпымызды нықтап, білімімізді асыруға жұмсасақ. Академиялық кітапханалардың орнын Интернет баса алмайды. Бірақ оның да ғылыми тегеуріні шексіз. Тек аздаған мәдениет керек... Ғаламтор мәдениетін ерте игермеу өзімізге сын. Интернеттің иіртпегіне түсіп, былыққандар мен ылыққандардың қармағын қапқан ұрпақты сауықтыру үшін ұлттық иммунитеттің күші жеткілікті болуы ләзім. Ал оған шамамыз жетпесе мылқау ұрпақ пен соқыр жеткіншек, керең өспірім қаулайды. Қазір сол дәуірдің басы. Болу мен бордай тозудың арасы...




**Тіл мен діннің, діл мен рухтың сыналар тұсы.
Қолы жеткендер көп, ойы жеткендер аз.
Ғаламтор арқылы ғарышты игеріп жатқандар
көп, ал керісінше өзін өзі игере алмай жатқандар
да сансыз. Осы тұста мені толғандыратыны,
біздің елдің Интернет ресурсының тым
қарабайырлығы. Қазір тек ақпарат алмасу, әдеби
тенденцияның белгілі бір айналымы,
журналистикалық ізденуге ғана мән беріп
отырғандаймыз. Белгілі бір салалық
мамандықтар, айталық, нақты ғылым қазақша
сөйлемек түгілі, атымен жоқ. Ғаламтордан
ғылыми жаңалықтарды таба алмайсыз. Өзіміздің
елдегі ғалымдардың еңбектері мен
тұжырымдары да орыс тілінде былдырлайды. О,
неге? Ол түгілі, біз кімді байытып, кімді қорғап
отырмыз осы? Неге қазақтың өзінің «mail.ru»,
«facebook.com», «twitter» секілді желілері жоқ?
Неге сол жоқтың орнын толтыратын мамандар,
сол үшін еңбек ететін жеткіншектер жоқ? Олар
бар болса, онда неге соны қолдайтын Үкіметіміз
жоқ? Қашанғы елдің шекпенін кигенімізге
марқаямыз? Қашанғы өз дүниемізді өзіміз
тұтынатын кезді армандаумен өтеміз?**

Ғаламтор – сіз бен біз үшін айтқанда
не қажеттің бәрі табылатын қазыналы қамба


*Күнделікті тұрмыста ғаламторды дұрыс мақсатта қолдана
білсеңіз оның пайдасы ұшан-теңіз.*

Сіз ғаламтор арқылы тексті, хат-хабарды, құжаттарды, фото суреттер мен дыбыс-кескін материалдарды қабылдап алуыңызға не қарсы жағыңызға жолдап беруіңізге; күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруыңызға; кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуыңызға; алыс аралықтан оқу оқуыңызға, яғни үйде отырып білім игеруіңізге; қызмет түрлерін ұсынуыңызға, тауар сатып алуыңызға не сатуыңызға; электронды жұмсақ бөлшектерді жасап мол кіріс табуыңызға; дос жарандарыңызбен дер кезінде хабарласып қоғамдық өрісіңізді кеңейте түсуіңізге т.б әлі толық байқалып жалпыласа қоймаған ақыл-парасат құндылықтарынан емін-еркін игіліктенуіңізге әбден болады.

**Өнер, білім бар жұрттан,
Тастан сарай салғызған.
Айшылық алыс жерлерден,
Жылдам хабар алғызған, - деп Ыбырай
атамыздың айтқанындай қазіргі таңда
ғаламтор арқылы әлемдік хат алмасуға да
болды.**



**Қазіргі заманда ғаламторсыз өмірді
елестету мүмкін болмай барады. Хат
алмасу да ғаламтор арқылы дүниенің
тұтқасына айналды. Ғаламтор саяси
құрал үшін таптырмас дүние болып
шықты. Қазақстандағы ғаламторлық
дамуы елді тұтастыруға, ұйыстыруға
ықпал етіп отыр.**



**Жаһандану дәуірі FTP-дің (ғылыми техникалық революция) шырқау
шегіне шыққасын, қазір, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін
жұмысы ғаламторсыз жүрмейтін болды. Елуді егделеп, алпысты
алқымдап, тіпті, жетпісті желкелеп қалған кісілерді де агенте хат
алмасып отырғанын көріп қаламыз. Бұл да болса жаңа заман талабы.**

Ғаламтор және денсаулық



Қазір ауылдық жерде де, қалалы жерде де сыртта асыр салып жүрген баланы сирек кездестіреміз. Себебі оларды үйге матап тастаған бір дүние бар, ол – ғаламтор.


Осы ғаламтор желісінің балалардың психологиясына қаншалықты зиянын тигізіп жатқанын көп ата-ана біле бермейді.

Білсе де, одан балаларын қорғаудың жолдарын меңгермеген. Ал мұның салдары балалардың өскенде маскүнем, зинақор, жауыз болып өсуіне әкеліп соғады.

Жақында High Tech for Human компаниясы арнайы зерттеу жүргізіп, мынадай жағдайларды анықтапты, яғни Қазақстандағы ғаламторды тұрақты пайдаланатын балалардың 44 пайызы ғаламтордағы виртуалды қатынас кезінде жыныстық қатынасқа мәжбүрлікке ұшыраған, 14 пайызы интернет арқылы кездесуге шақырылған, 19 пайызы порносайттарды көреді, 38 пайызы зорлық-зомбылық туралы сайттарды ақтарады.

Ғаламторға кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Алдымен денсаулықты сақтауымыз керек деп жатырсыздар. Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек.

Көзге жаттығулар жасалады, әр 20-25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60-70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады.



Ғаламтордың пайдасы көп. Ғаламтор арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба, буклет болсын, солардың бәрін мен ғаламтор арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор.



Күн сайын ғаламторды қарап отырып не бір түрлі келеңсіз жағдайларға кезігесің.

Отбасымен ажырасу, жаман әрекеттерге бару.

Қорлық-зомбылық, зорлық бұның бәрі қайдан шықты дейсіз? Әрине қазір заман ауқымы, талабы әр үйде компьютер, интернет желісі бар.

Жаңағы өздерің айтқандай компьютерге қол жеткізбесе де ұялы телефон арқылы интернетке де шығуға болады дейсіңдер. Міне, сол арқылы не бір ұятсыз көріністер көреді,

интернет арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үнілумен өткізеді. Ол неге үніле береді десең, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс-шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан

барып, ол баланың өмірге көз-қарасы психологиясы өзгереді. Ұрлық-зорлық көбейеді.

Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалмай ма?





Ғаламтор желісіне жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу-баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы- ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы

**Ғаламтор - болашаққа бастайды,
Келешекке білім қуған жастарды.
Қадам басып ХХІ ғасырға,
Барлық әлем жаңалығын тастайды
– дегендей қазіргі заман талабына
сай барлық жастар ғаламторға
тәуелді екені хәл.**



Бүгінде ғаламторға тәуелділік атты жаңа дерттің пайда болғаны жасырын емес. The Independent басылымының мәлімдеуінше, адамның ғаламторға тәуелділігі ішімдік, кокаин немесе марихуанаға тәуелділікпен бірдей екен. Негізінен, компьютер тұтынушыларының 5-10 пайызы ғаламторға тәуелді. Ересектерді былай қойғанда, бұл күнде жасөспірімдер мен бүлдіршіндер де ғаламтор атты шексіз әлемге байланып отыр

Топтық жұмыс Көрініс



« Алтын қағида » ережесі

1. қауіпсіздік ережелерді ескеруді,
2. әр 20 – 25 мин. Көзге жаттығу жасауды;
3. көзбен компьютердің арасы 60 – 70 см болуын;
4. Компьютер алдына кактус гүлін қоюды;
5. Ғаламторға тәуелді болмауды;
6. Жат киноларға көңіл бөлмеуді



Қорытынды

Сақтық – деген әрқашан байқап жүрмек,
Пайда не залал ма ескерілмек,
Көргенің естігенін есепке алса,
Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Үйге тапсырма: «Автоматпен далаңды шулатпай-ақ, ақпаратпен санаңды жаулап жатыр» ой-толғау жазу



Назарларыңыз ға

